ABAI: *Adamzattyń bárın súi baýyrym dep.*

Аймақтық қоғамдық-саяси газет • Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ÓŃIRI

balkhashoniry@mail.ru balqash_oniri_gazeti

№56 (13522), 7 ТАМЫЗ, ЖҰМА, 2026 ЖЫЛ

Гүлзат СӘРСЕМБЕККЫЗЫ,
«BALQASH ÓŃIRI»

✓АРАЙ – 2026

Жазғы спартакиада басталды

КЕШЕ ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЛАЛАРЫ АРАСЫНДА ЖЫЛ САЙЫН ӨТЕТІН XIX ОБЛЫСТЫҚ «АРАЙ-2026» ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДАНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ. СПАРТАКИАДА ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ.

Ашылу рәсіміне Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягүл Жақсылықова, қалалық мәслихат төрағасы Ахат Мүслімов, Қарағанды облысының денешынықтыру және спорт басқармасының Бұқаралық және балалар спортын дамыту орталығы басшысының міндетін атқарушысы Талғат Абдишев, Балқаш қаласының спорт және туризм бөлімінің басшысы Ізбасар Шакенов, төрешілер және спортшылар қатысты.

Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран, Шахтинск және Приозерск қалаларынан барлығы 600-ге жуық спортшы қатысып, спорттың 14 түрінен сынға түсуде. Спартакиада барысында облыстың әр қаласынан келген спортшылар 100-ден астам медаль жиынтығын 5-7 аралығында сарапқа салады.

Ашылу салтанатында құттықтау сөз сөйлеген Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягүл Жақсылықова барша қатысушыларға сәттілік тілеп, спартакиаданың маңыздылығына тоқталды.

– Жыл сайын өткізілетін жазғы спартакиада спортшылардың шеберлігін шыңдап қана қоймай, өңірлер арасындағы достықты, ынтымақтастықты және салауатты өмір салтын насихаттауға зор үлес қосады. Спортшыларға тартысты да әділ бәсеке, спорттық рух және сәттілік тілеймін, - деді өз сөзінде С.Жақсылыққызы.

Барша жиналған қауым Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаған соң, облыстық «Арай» спартакиадасының ресми Туы ортаға әкелінді. Спортты марш ойналған соң, командалар жарысты бастап кетті.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

✓10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

АБАЙ

Білімдіден шыққан сөз

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі – айна, көңілі – ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Әбілет басқан елерме,
Сөзге жуық келерме?
Түзу сөзге сенер ме?
Түзелмесін білген ез?

«Айтшы айтшылап» жалынар,
Ұққыш жансып жабынар,
Ұқпай жатып жалығар,
Үйқылы – ояу бойкүйез.

Жас баладай жеңісқой,
Байлаулы емес ақыл, ой.
Ойлағаны – айт пен той,
Ыржың-қылжаң ит мінез.

Сұлу қыз бен я батыр
Болмаған соң, тәңірі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл – арам без.

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

«Ой тәңірі айшыл» кер есек,
Құлық, сұмдық не өсек
Болмаған соң, бір есеп –
Мейлі қамқа, мейлі без.

1989-шы жыл.